

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
«7» маусым 2022 жылғы
№ 20/бұйрығымен
бекітілген

**«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу
орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Электр энергетикасы туралы» Заңды, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Серіктестіктің Жарғысын (бұдан әрі – Жарғы) басшылыққа алады.

2. Жарғы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру мен тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

3. Серіктестік алғаш рет 2013 жылғы 27 тамызда тіркелді.

4. Серіктестіктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе Комитет) болып табылады, орналасқан жері Нұр-Сұлтан қаласы, Жеңіс даңғылы 11, БСН 980240000950, KZ92070101KSN0000000, СТН 031400130617, БСК ККМЕКZ2А, ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті ММ. Комитетке республикалық меншікке қатысты меншік иесінің құқықтарын іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген және Серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесіне билік ету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.

5. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №858 қаулысының және тиісті қабылдау-беру актісінің негізінде Серіктестіктің жарғылық капиталына қатысудың 100% мемлекеттік үлесін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) жүзеге асырады.

6. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Расчетно-финансовый центр по поддержке возобновляемых источников энергии».

1) Серіктестіктің қысқартылған атауы: мемлекеттік тілде: «ЖЭҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «РФЦ по ВИЭ»;

7. Серіктестіктің заңды мекенжайы және орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

8. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

2-бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі

1. Серіктестік Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №256 бұйрығына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне берілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуды және сатуды жүзеге асыратын жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы болып айқындалды.

2. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

3. Серіктестік ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

4. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбалары, дербес балансы, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттары, оның ішінде валюталық, фирмалық бланкілері, бұрыштық мөртаңбалары, рәмізі және басқа да атрибуттары және өз атауы бар деректемелері болады.

5. Серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

6. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен өзі орналасқан жерден тыс орналасқан филиалдар (өкілдіктер) құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

7. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

8. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлігімен жауапкершілік көтереді. Мемлекет Серіктестіктің борыштары мен міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары мен міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

9. Серіктестік өзінің жалғыз қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

10. Жалғыз қатысушы Серіктестік міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің жарғылық капиталы шегінде Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

11. Серіктестіктің корпоративтік сайты – <http://www.rfc.kegoc.kz>.

3-бап. Серіктестік қызметінің түрлері

1. Серіктестік қызметінің түрлері:

1) Тұтынушыға электр энергиясын сату (ЖЭК пайдалану объектілері өндірген және электр желілеріне берілген электр энергиясын, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін орталықтандырылған сатып алу және сату);

2) Электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету;

3) Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу.

4-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 100 000 000 (жүз миллион) теңгені құрайды.

2. Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар мен айналым қаражаты, сондай-ақ құны Серіктестіктің дербес теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүлік құрайды.

3. Серіктестіктің мүлкі оның құрылтайшысының салымы, Серіктестік алған кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

4. Мүлік меншік құқығымен Серіктестікке тиесілі болады.

5. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мүлік Серіктестіктің жарғылық капиталына салым болуы мүмкін.

6. Салымды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

7. Серіктестіктің жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту немесе азайту) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Серіктестіктің есепті жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған нормативтерге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бөледі.

5-бап. Серіктестік органдары

1. Серіктестік органдары:

1) жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;

2) Серіктестіктің Бақылау кеңесі (бұдан әрі – Бақылау кеңесі);

3) ревизиялық комиссия (ревизор);

4) атқарушы орган – Серіктестіктің бас директоры (бұдан әрі – Бас директор) болып табылады.

2. Серіктестік органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың Серіктестік атынан шешім қабылдау немесе әрекет ету тәртібі Заңмен, басқа да заң актілерімен және Жарғымен белгіленеді.

6-бап. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері

1. Жалғыз қатысушы мынаған құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің ісін басқаруға қатысу;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу және оның бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен танысу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен кіріс алу;

4) Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтату;

6) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын шешімдерін сот тәртібінде даулау;

2. Жалғыз қатысушы мынаған міндетті:

1) Серіктестік немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты жария етпеу;

2) Серіктестікке қатысушылардың тізілімі жүргізілген жағдайда атқарушы органға, сондай-ақ орталық депозитарийге Заңда көзделген мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабарлау;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының талаптарын сақтау.

3. Жалғыз қатысушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

7-бап. Жалғыз қатысушының айрықша құзыреті

1. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша жарғылық капитал мөлшерін өзгерту;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Серіктестіктің атқарушы органын құру және оның уәкілеттіктерін немесе атқарушы органның жеке мүшесінің уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру талаптарын айқындау;

4) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша бақылау кеңесін және (немесе) ревизиялық комиссияны (ревизорды) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

6) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

7) Серіктестіктің Жарғысына сәйкес бекітілуі Бақылау кеңесі бекітетін Ішкі құжаттар тізбесі негізінде Серіктестіктің Бас директоры мен Бақылау кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

- 8) Бақылау кеңесі туралы ережені бекіту;
 - 9) Бақылау кеңесі мүшелерінің жүзеге асыратын қызметі үшін сыйақы мөлшерін бекіту;
 - 10) Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизорының) жұмыс тәртібін бекіту;
 - 11) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;
 - 12) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
 - 13) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Заңға сәйкес Серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;
 - 14) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім қабылдау;
 - 15) Серіктестіктің құрылтайшысына және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;
 - 16) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді Серіктестіктің жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;
 - 17) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Бақылау кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою;
 - 18) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешім қабылдау;
2. Жалғыз қатысушы қабылдайтын шешімдер жазбаша ресімделеді.

8-бап. Бақылау кеңесі

1. Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушының шешімімен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Бақылау кеңесі құрылады.
2. Бақылау кеңесі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.
3. Бақылау кеңесі бес жылдан аспайтын мерзімге жалғыз қатысушы сайлайтын кемінде 3 (үш) мүшеден тұратын құрамда құрылады. Серіктестіктің қызметкерлері Бақылау кеңесінің мүшелері бола алмайды.
4. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің құрамына Жалғыз қатысушының және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдері кіреді. Бақылау кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелеріне, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғаларға сыйақы төленбейді.
5. Бақылау кеңесінің төрағасы Бақылау кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен Бақылау кеңесі мүшелерінен сайланады.
6. Бақылау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің және оның Жалғыз қатысушысының мүдделері үшін әрекет етуге міндетті.

7. Бақылау кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;
 - 2) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және Серіктестіктің есепті кезеңінің қорытындылары бойынша алған таза табысын бөлу тәртібі туралы Жалғыз қатысушыға ұсыныстар енгізу;
 - 3) Серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Жалғыз қатысушының қарауына енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
 - 4) Серіктестіктің Бас директорының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
 - 5) Серіктестіктің ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;
 - 6) осы Жарғының 7-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген құжаттарды алдын ала мақұлдау;
 - 7) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесін бекіту;
 - 8) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесіне сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;
 - 9) Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, белгіленген тәртіппен атқарушы орган әзірлеген және ұсынған мерзімде бекіту;
 - 10) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;
 - 11) Жалғыз қатысушы және Бақылау кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжаттарда көзделген шешімдерді қабылдау;
 - 12) Бақылау кеңесінің хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Бақылау кеңесі хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті құру, оның өкілеттік мерзімін, құзыреті мен қызмет тәртібін айқындау, комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, есептерді және қызметті бағалау нәтижелерін қарау;
 - 14) заңнамада және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер;
8. Бақылау кеңесінің отырыстарына оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болады. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Бақылау кеңесінің отырысына қатыспаған Бақылау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.
9. Бақылау кеңесінің төрағасы Бақылау кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Бақылау кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, оларға төрағалық етеді және отырыстардың хаттамаларына қол қояды және Бақылау кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылайды.
10. Бақылау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Бақылау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Бақылау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Бақылау кеңесінің төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.
11. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беруден қалыс қалған немесе қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген Бақылау кеңесінің мүшесі жазбаша

негіздеме ұсынады. Мұндай негіздемені Бақылау кеңесінің хатшысы Бақылау кеңесінің шешіміне қоса тіркейді.

12. Бақылау кеңесі төрағасының қалауы бойынша Бақылау кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

13. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің хатшысы Бақылау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін Серіктестіктің Бақылау кеңесі отырысының хаттамасын беруге және (немесе) оған Серіктестіктің Бақылау кеңесі хатшысының қолымен және Серіктестік мөрінің бедерімен куәландырылған хаттамадан үзінді көшірме беруге міндетті.

14. Бақылау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Бақылау кеңесінің шешімі бойынша Бақылау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

15. Бақылау кеңесі қажеттілігіне қарай, алайда тоқсанына кемінде бір рет Бақылау кеңесі төрағасының, Бас директордың немесе Бақылау кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады. Шақыру Бақылау кеңесінің төрағасына шақыру туралы жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

16. Бақылау кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер бұл туралы шешім отырысқа қатысушы Бақылау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданса, Жалғыз қатысушының қарауына өз бастамасы бойынша шығаруға құқылы.

9-бап. Ревизиялық комиссия (ревизор)

1. Серіктестіктің атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін ревизиялық комиссия құрылуы мүмкін.

Ревизиялық комиссия, егер оның мүшелерінің көп саны Серіктестіктің Жарғысында көзделмесе, құрамы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

2. Серіктестіктің ревизиялық комиссиясын немесе жеке-дара ревизорын жалпы жиналыс Серіктестіктің Жарғысында белгіленген, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

3. Серіктестіктің атқарушы органының мүшелері бір мезгілде ревизиялық комиссияның мүшелері (ревизор) бола алмайды.

4. Ревизиялық комиссия (ревизор) кез келген уақытта атқарушы органның қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Ревизиялық комиссия (ревизор) осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Ревизиялық комиссияның (ревизордың) талабы бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

5. Ревизиялық комиссия (ревизор) Серіктестіктің қаржылық есептілігін оларды Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексереді. Жалғыз қатысушы қаржылық есептілікті ревизиялық комиссияның (ревизордың) қорытындысынсыз немесе аудиторлық есепсіз бекітуге құқылы емес.

6. Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизордың) жұмыс тәртібі осы Жарғыда, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда айқындалады.

10-бап. Серіктестіктің бас директоры

1. Серіктестіктің атқарушы органы Жалғыз қатысушыға есеп беретін және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын Бас директор болып табылады. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің Бас директорын тағайындаған кезде онымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

2. Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің мүдделерін білдіреді және Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің атынан Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, заңнамада, Жарғыда, Серіктестіктің ішкі құжаттарында айқындалған барлық іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

3. Серіктестіктің Бас директорының өкілеттігі:

1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді, сондай-ақ бұйрықтар шығарады Серіктестіктің Даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлейді және Бақылау кеңесіне ұсынады;

3) Серіктестік атынан мәмілелер жасайды, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестік атынан шарттардың барлық түрлерін, оның ішінде қызмет түрлері бойынша шарттар жасасады және бұзады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі Серіктестік атынан шарттар жасасады және оны бұзады;

5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым қызметінің төлем мөлшерін айқындау;

6) Серіктестіктің Ішкі құжаттарының тізбесіне сәйкес Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекітеді;

7) Серіктестіктің бекітілген Даму жоспары шеңберінде Серіктестіктің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жылдық жоспарын бекітеді;

8) Серіктестіктің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, олармен еңбек шарттарын жасайды және бұзады, міндеттерін бөледі, Серіктестік қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды, Серіктестіктің қызметкерлерін лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

9) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауапкершілік көтереді;

10) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен жарлықтар шығарады;

11) банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашады;

12) Серіктестіктің бекітілген ұйымдық құрылымы және Серіктестікті дамыту жоспары шеңберінде Серіктестіктің штат кестесін бекітеді;

13) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерінің орындалуын Серіктестіктің Бас директорының орынбасарына жүктейді, Серіктестіктің Бас директорының орынбасары болмаған жағдайда тиісті бұйрық шығару арқылы Серіктестік қызметкеріне жүктейді;

14) Жалғыз қатысушының немесе Бақылау кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Бас директордың уәкілеттік мерзімін Жалғыз қатысушы айқындайды, алайда ол 5 (бес) жылдан аспауы тиіс.

11-бап. Қаржылық есептілік, есепке алу құжаттамасы және аудит

1. Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын, сондай-ақ істердің ағымдағы жағдайын тексеру және растау үшін Серіктестік жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

2. Серіктестіктің жылдық қаржылық есебін бекіту Жалғыз қатысушының шешімімен жүргізіледі.

3. Серіктестіктің қаржылық есептілігінің аудиті Жалғыз қатысушының бастамасы бойынша да жүргізілуі мүмкін.

3.1. Егер Серіктестіктің атқарушы органы аудит міндетті болған кезде немесе оның жүргізілуін Жалғыз қатысушы талап еткен кезде Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит Серіктестіктің кез келген мүдделі тұлғасының немесе Жалғыз қатысушысының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

3.2. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтау үшін заңнамаға сәйкес жауапкершілік көтереді.

12-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) және Серіктестікті тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

13-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату

1. Жарғының 13-бабында көрсетілген негіздерден басқа, Серіктестік қызметін тоқтатуға мынадай жағдайлар негіз болуы мүмкін:

1) егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері Заңда көзделген ең төменгі мөлшерден кем болса;

2) егер Серіктестіктің жарғылық капиталы Заңда көзделген мерзімде құрылмаса.

14-бап. Қорытынды ережелер

1. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

2. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап туындайды және ол алып қойылған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.